

## Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің салық және кеден органдары арасында ақпарат алмасу туралы келісім жасасу туралы

Казақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 қаңтар N 81

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің салық

және кеден органдары арасындағы ақпарат алмасу туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Кәрім Қажымқанұлы Мәсімовке қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің салық және кеден органдары арасында ақпарат алмасу туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Еуразиялық экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің салық және кеден органдары арасындағы ақпарат алмасу туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Біртұтас экономикалық қеңістік туралы шарттың және 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қауымдастығын құру туралы шарттың ережелерін басшылыққа ала отырып,

тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) әкелу мен әкетуді, Еуразиялық экономикалық қоғамдастығына (бұдан әрі - ЕурАЗЭК) мүше мемлекеттердің мемлекеттік бюджеттеріне салықтардың, баждардың және өзге де төлемдердің уақтылы және толық түсүіне бақылауды күшайтуде өзара мұдделілікті ескере отырып,

осы мақсатпен бір-біріне жәрдем етуді қалай отырып, төмендегі туралы келісті:

1 - б а п

Осы келісімде "құзыретті органдар" терминінен ЕурАЗЭҚ мүше мемлекеттердің салық және кеден органдары үғынылады.

2 - б а п

Оз құзыреті шегінде Тарап мемлекеттерінің әрбір кеден органдары ай сайын оларға жүктелген міндеттердің орындалуы үшін қажетті ақпаратпен алмасады.

Тарап мемлекеттерінің әрбір кеден органдары өз елінің салық органдарына қажетті ақпаратты береді.

Тарап мемлекеттерінің салық органдары ЕурАЗЭҚ мүше мемлекеттерінің салық органдары арасындағы ынтымақтастық туралы қолданылып жүрген үкімет аралық келісімдердің шегінде кеден органдарынан алынған ақпаратты бір біріне беруге құқығы бар.

Тарап мемлекеттері әрбірінің кеден органдары өз Тарабының кеден органдарына қажетті ақпаратты береді.

Тарап мемлекеттері әрбірінің кеден органдары ЕурАЗЭҚ мүше мемлекеттерінің салық органдары арасындағы ынтымақтастық туралы қолданылып жүрген үкімет аралық келісімдердің шегінде кеден органдарынан алынған ақпаратты бір біріне беруге құқығы бар.

3-бап

Ақпарат алмасу тәртібі Тарап мемлекеттері әрбірінің салық және кеден органдары өзара әрекет шегінде келісіледі.

4-бап

Тараптардың құзыретті органдары ақпараттың құпиялышының сақтайды және Тарап мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес оны қорғау режимін қамтамасыз етеді.

Тараптардың құзыретті органдары үшінші тұлғаларға алынатын ақпаратты беруге жол бермейді.

5-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында Тараптардың құзыретті органдары жекелеген мәселелер бойынша қосымша хаттамаларды жасауға құқылы.

#### 6-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі бойынша жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі және Келісімнің бөлінбес бөлігі болып табылады.

#### 7-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдануға қатысты даулар мен келіспеушіліктердің барлығы тараптар арасындағы келіссөздер мен кеңестер жолымен шешіледі.

#### 8-бап

Осы Келісімнің депозитарийі болып Еуразиялық экономикалық қоғамдастырының Интеграциялық Комитеті табылады.

#### 9-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерге қол қойған оның Тараптарының орындауы туралы үшінші хабарламаны депозитарияға сақтауға тапсыру күнінен бастап күшіне енеді.

Әрбір Тарап шығуға дейінгі 6 айдан кем еместе депозитарияға осы туралы жазбаша хабарламаны жіберіп, осы Келісімнен шыға алады.

Тұпнұсқа дана осы Келісімнің оның куәландырған көшірмесін әрбір Тарапқа жіберетін Еуразиялық экономикалық қоғамдастырының Интеграциялық Комитетінде сақталады.

2002 жылдың "\_\_\_" қаласында орыс тілінде бір данада жасалды.

Беларусь Республикасының  
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының  
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының  
Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Мамандар:  
Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК